

# Абай ақиқат

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1974 жылдың 2 ақпанынан шығады

7 ақпан, 2026 жыл №5 (4608)

Газета издается со 2 февраля 1974 года

<http://abaiqiqat.kz>

[www.facebook.com/abaiqiqat](http://www.facebook.com/abaiqiqat)

[abaiqiqat.kz](https://www.instagram.com/abaiqiqat)

[barshin-js@mail.ru](mailto:barshin-js@mail.ru)

## КОНСТИТУЦИОНАЛЬНАЯ РЕФОРМА

# Абай қаласында Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы жобасы талқыланды



Абай қаласында Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы жобасын талқылауға арналған аудан активінің кеңейтілген отырысы өтті. Маңызды қоғамдық-саяси жиын елде жүзеге асырылып жатқан ауқымды конституциялық реформалардың мәнін түсіндіру және азаматтық қоғамның қатысуын арттыру мақсатында ұйымдастырылды.

Іс-шараға аудан әкімі, мемлекеттік мекемелердің басшылары, депутаттық корпус, қоғамдық кеңес мүшелері, үкіметтік емес және діни ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ басқа да қоғам өкілдері қатысты.

### Конституциялық реформа – елдің саяси жаңғыруының жаңа кезеңі

Кеңейтілген отырысты аудан әкімі Сәбит Темешұлы Оспанов ашып, 2025 жылғы 8 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында жасанды интеллект дәуіріндегі мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының жаңа бағыттары айқындалғанын атап өтті. Жолдауда көтерілген басты мәселелердің бірі – бір палаталы Парламент құруды көздейтін парламенттік реформаларды жүзеге асыру қажеттілігі.

Ағымдағы жылдың қаңтар айында өткен Ұлттық құрылтайдың V отырысында Президент елді саяси жаңғыртудың жаңа кезеңі басталғанын және ауқымды конституциялық реформаны іске асырылатынын жариялады. Осыған орай 21 қаңтарда Конституциялық комиссия құрылып, оның құрамына Ұлттық құрылтай мүшелері, белгілі заңгерлер, мемлекеттік органдардың өкілдері, сарапшылар мен ғылыми қауымдастық өкілдерінен құралған 130 адам енгізілді. Комиссия жұмысы ашық және жария форматта жүргізіліп, қоғамға қолжетімді болды.

### Жаңа Конституция – ел мен өмірлерді дамытудың жаңа мүмкіндіктері

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша аудандық мәслихат төрағасы Данияр Мерғалиұлы Сақенов «Жаңа Конституция – жаңа мүмкіндіктердің негізі» тақырыбында баяндама жасады. Ол комиссия жұмысы барысында Конституцияның барлық бөлімдерін қамтитын, 77 бапқа өзгеріс енгізуді көздейтін ұсыныстар қаралғанын атап өтті. Нәтижесінде Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын әзірлеу туралы шешім қабылданды.

Ұсынылып отырған жоба преамбуладан, 11 бөлім мен 95 баптан тұрады. Екі жаңа бөлім – «Халық кеңесі» және «Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі» енгізілген. Құжатта мемлекеттің егемендігі мен аумақтық тұтастығы өзгермейтін құндылық ретінде бекітіліп, адам құқықтары мен бостандықтары мемлекеттік саясаттың ең жоғары басымдығы деп жа-



рияланады.

Жаңа Конституцияда білім мен ғылымды, мәдениет пен инновацияны, цифрландыруды дамыту, азаматтардың цифрлық кеңістіктегі құқықтарын қорғау мәселелеріне ерекше мән берілген. Мемлекет пен дін қатынастары нақты айқындалып, білім беру жүйесінің зайырлы сипаты сақталады. Неке ер мен әйелдің тең құқықты әрі ерікті одағы ретінде белгіленеді.

Халық кеңесі – қоғамдық келісім мен бірліктің жаңа институты

Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты, Қазақстан халқы Ассамблеясы облыстық төрағасының орынбасары Игорь Васильевич Жабяқ өз сөзінде жаңа Конституцияда көзделген Халық кеңесінің рөліне тоқталды. Оның айтуынша, бұл инсти-

тут Ассамблея мен Ұлттық құрылтайдың тәжірибесін біріктіре отырып, елдегі жалпыұлттық диалогтың негізгі алаңына айналады.

Халық кеңесі халық мүддесін білдіретін жоғары консультативтік орган ретінде заңнамалық бастамалар ұсынуға, жалпыұлттық референдум өткізуге бастамашылық жасауға мүмкіндік алады. Бұл қоғамдық қатысуды кеңейтіп, мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді нығайтуға бағытталған маңызды қадам.

### Саяси жаңғыру және партиялардың жауапкершілігі

«AMANAT» партиясы аудандық филиалының жауапты хатшысы Халел Дулат Қанышұлы жаңа Конституция жобасының елдің саяси жаңғыруының нақты көрінісі

екенін атап өтті. Оның айтуынша, құжатта «Әділетті Қазақстан» құндылықтары мен «Заң мен тәртіп» қағидаты конституциялық деңгейде бекітіліп, халықтың мемлекеттік биліктің және ЕГЕМЕНДІКтің бірден-бір қайнар көзі екені айқын көрсетілген.

Маңызды жаңалықтардың бірі – Вице-президент институтының енгізілуі. Бұл басқару жүйесінің сабақтастығын қамтамасыз етіп, билік тұрақтылығын нығайтуға бағытталған. Сонымен қатар Құрылтай институты стратегиялық маңызы бар мәселелерді қарастыратын, саяси реформалардың орындалуын бақылайтын маңызды орган ретінде айқындалады.

Қоғамдық кеңестер – конституциялық құндылықтардың тірегі

Аудандық Қоғамдық кеңестің төрағасы

Борис Александрович Цай өз баяндамасында жаңа Конституция преамбуласының мәніне тоқталып, онда халық бірлігі, әділдік, жауапкершілік және болашақ ұрпақ алдындағы парыз секілді басты құндылықтар көрініс тапқанын атап өтті.

Осы тұрғыда Қоғамдық кеңестердің рөлі артып, олар мемлекеттік органдар мен қоғам арасындағы тиімді диалог алаңы ретінде қызмет атқаратынын айтылды. Қоғамдық кеңестер азаматтардың мүддесін қорғауға, қабылданатын шешімдердің ашықтығын қамтамасыз етуге белсенді қатысуы тиіс.

### Дәстүр, мәдениет және білім – болашақтың негізі

Кеңейтілген отырыста орталықтандырылған кітапхана жүйесінің директоры, педагог-сарапшы, аудандық Аналар кеңесінің төрайымы Перизат Азатқызы Әбілдина «Жаңа Конституция – дәстүрлерді, мәдениетті және білім беруді дамытуға жаңа құндылықтар» тақырыбында баяндама жасады.

Ол жаңа Ата заң жобасында білім мен ғылым, мәдениет пен инновация ел дамуының басты тірегіне айналатынын атап өтті. Адам капиталына басымдық беру – мемлекеттің ұзақ мерзімді даму стратегиясының өзегі. Сондай-ақ экологиялық жауапкершілік, шығармашылық еркіндік пен ұлттық рухты сақтау мәселелері конституциялық деңгейде бекітіледі.

### Қорытынды

Кеңейтілген отырыс барысында Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан конституциялық реформалардың маңызы мен мазмұны жан-жақты талқыланды. Жаңа Конституция мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттырып, өңірлердің рөлін күшейтуге, азаматтардың шешім қабылдау үдерістеріне қатысу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған.

Аудандық Конституция жобасын түсіндіру бойынша ақпараттық-насихаттау тобы құрылып, тұрғындармен жүйелі кездесулер өткізу жоспарлануда. Бұл жұмыс қоғамда ашық диалог қалыптастырып, әрбір азаматтың ел болашағына деген жауапкершілігін арттыруға ықпал етпек.

Баршын ЕРТІСКЫЗЫ

## ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

# Топар кентінде электрмен жабдықтау жүйесін жаңғырту жұмыстары жалғасуда



Топар кентінде инженерлік инфрақұрылымды жаңарту және халықты тұрақты әрі сапалы электр энергиясымен қамтамасыз ету бағытында жүйелі жұмыстар атқарылууда. Осы бағыттағы маңызды кезеңдердің бірі ретінде 2026 жылғы 2 ақпанда №1, №2 және №3 ауылдардың электр беру желілерін реконструкциялау жобасы аясында қуаты 400 кВт болатын жаңа трансформаторлық қосалқы станция электр желісіне қосылды.

Аталған жоба электр желілерінің ұзақ жылдар бойы жинақталған тозу мәселелерін шешуге, авариялық жағдайлардың алдын алуға және электрмен жабдықтаудың сенімділігін арттыруға бағытталған. Бұған дейін кент тұрғындары электр желілеріндегі жиі ақаулар мен кернеудің төмендігінен туындайтын қолайсыздықтарға тап болып келгені белгілі, әсіресе күзгі-қысқы кезеңде бұл мәселе айқын сезілетін.

Топар кентінің әкімі Марғұлан

Мұхитұлының айтуынша, реконструкция жұмыстары толық аяқталғанға дейін техникалық тұрғыда уақытша шешім қабылданып, қазіргі таңда қолданыстағы (ескі) электр беру желілері жаңа трансформаторлық қосалқы станцияға қосылған.

– Бұл шара электр энергиясының техникалық шығындарын азайтуға, желідегі жүктемелі оңтайландыруға және тұтынушыларға жеткізілетін кернеу сапасын жақсартуға мүмкіндік береді, – деді кент әкімі.

Баршын ЕРТІСКЫЗЫ

## Абай ақиқат БАСПАСӨЗ – 2026

### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Абай аудандық «Абай ақиқат» газетіне жазылу науқаны жалғасуда. Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ 87755483523 whatsapp бойынша рәсімдеуге болады.

Индекс	Санаттар	Жазылу бағасы
65625	Жеке жазылушылар үшін	3435.20 тг
15625	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	4215.20 тг

Анықтама телефоны: 8-775-548-3523

### УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ!

Продолжается подписная компания на Абайскую районную газету «Абай ақиқат». Подписку на газету можно оформить во всех отделениях почтовой связи АО «Казпочта», а также по whatsapp 87755483523.

Индекс	Категории	Подписная цена
65625	Для индивидуальных подписчиков	3435.20 тг
15625	Для предприятий и организаций	4215.20 тг

Телефон для справок: 8 775 548 35 23

## КОНСТИТУЦИОННАЯ РЕФОРМА

## В городе Абай состоялось расширенное заседание актива по обсуждению проекта новой Конституции Республики Казахстан

В городе Абай прошло расширенное заседание районного актива, посвященное обсуждению проекта новой редакции Конституции Республики Казахстан. Мероприятие стало важной общественно-политической площадкой для открытого диалога о ключевых направлениях масштабной конституционной реформы, инициированной Главой государства.

В мероприятии приняли участие представители районного акимата, руководители государственных учреждений, депутатский корпус, члены общественного совета, представители неправительственных и религиозных организаций, а также другие представители общественности.

### Конституционная реформа – новый этап политической модернизации

Открывая заседание, аким района отметил, что в Послании народу Казахстана от 8 сентября 2025 года Президент Касым-Жомарт Кемелевич Токаев обозначил ключевые задачи дальнейшего социально-экономического развития страны в условиях эпохи искусственного интеллекта. Центральным элементом Послания стала необходимость проведения парламентской реформы, включая переход к однопалатному Парламенту.

В январе текущего года на V заседании Национального курултая Глава государства объявил о завершении работы над парламентской реформой и начале нового этапа политической модернизации, предусматривающего проведение масштабной конституционной реформы. В этой связи 21 января была создана Конституционная комиссия, в состав которой вошли 130 представителей государственных органов, экспертного сообщества,

общественных институтов и научной среды.

Отмечалось, что работа Комиссии проходила в максимально открытом и прозрачном формате: заседания транслировались в прямом эфире, был запущен специальный информационный Telegram-канал, а все желающие могли ознакомиться с ходом обсуждений.

### Новая Конституция – новые возможности для развития

С основным докладом на тему «Новая Конституция – новые возможности для развития» выступил председатель Абайского районного мажлисата Данияр Мергалиевич Саменов. В своём выступлении он подчеркнул, что в ходе работы Конституционной комиссии были рассмотрены изменения, затрагивающие 77 статей Основного закона, что составляет более 80 процентов действующего текста. В результате было принято принципиальное решение о подготовке новой редакции Конституции Республики Казахстан.

Проект документа включает преамбулу, 11 разделов и 95 статей, а также содержит два новых раздела – «Народный совет» и «Порядок внесения изменений и дополнений в Конституцию». Суверенитет и территориальная целостность государства закрепляются как неизменные ценности, а права и свободы человека впервые в истории страны провозглашаются высшим приоритетом государственной политики.

Особое внимание в обновлённой Конституции уделено развитию образования, науки, культуры, инноваций и цифровизации, защите прав граждан в цифровой среде, а также чёткому разграничению отношений между государством и религией. Брак определяется как добровольный

и равноправный союз мужчины и женщины, подтверждается светский характер государства и системы образования.

### Роль Халык Кенесі в укреплении общественного согласия

Депутат Карагандинского областного мажлисата, заместитель председателя Ассамблеи народа Казахстана Карагандинской области Игорь Васильевич Жабяк посвятил своё выступление роли Халык Кенесі – Народного совета – в обеспечении общественного согласия и единства.

Он отметил, что новый институт объединит лучшие практики Ассамблеи народа Казахстана и Национального курултая, став высшей консультативной площадкой для общенационального диалога. Народный совет будет представлять интересы всех слоёв общества, обладать правом законодательной инициативы и возможностью инициировать проведение общенационального референдума.

Подчёркивалось, что накопленный за годы независимости опыт Ассамблеи народа Казахстана станет прочной основой для дальнейшего развития культуры диалога, межэтнического согласия и гражданской солидарности в рамках новой политической архитектуры страны.

### Новая Конституция как отражение политического обновления страны

Ответственный секретарь районного филиала партии «AMANAT» Халел Дулат Канышулы в своём выступлении отметил, что проект новой Конституции является стратегическим документом, отвечающим современным вызовам и направленным на укрепление принципов справед-

ливого, правового и ответственного государства.

В преамбуле Конституции закреплены национальные ценности, исторические корни казахской государственности, идеи «Справедливого Казахстана» и принцип «Закон и Порядок». Чётко определяется, что народ является единственным источником государственной власти и суверенитета, а институт всенародного референдума усиливает участие граждан в решении ключевых вопросов.

Среди значимых новелл – введение института Вице-президента, призванного обеспечить преемственность власти и устойчивость государственного управления, а также создание Курултая как стратегического органа, контролирующего реализацию политических реформ и эффективность законодательства.

Общественные советы как инструмент реализации конституционных ценностей

Председатель Общественного совета района Борис Александрович Цай подчеркнул, что преамбула новой редакции Конституции задаёт нравственные ориентиры развития государства – справедливость, ответственность, уважение к закону и единство народа. В этом контексте возрастает роль общественных советов как ключевых институтов общественного контроля и обратной связи между государством и гражданами.

Общественные советы призваны не формально, а содержательно участвовать в обсуждении социально значимых вопросов, отстаивать интересы граждан и содействовать практической реализации конституционных реформ на местах.

Традиционные ценности, культура и образование – основа будущего

Соб.корр

## Қарағанды облысы Абай ауданы Есенгелді ауылдық округінің әкіміне үміткерлерді тіркеу туралы ХАБАРЛАМА (сайлау 2026 жылғы 1 наурыз)

№ п/п	Аты, әкесінің аты, тегі	Туған жылы	Атқаратын лауазымы, жұмыс орны мен тұрғылықты жері	Кім ұсынды немесе өзін-өзі ұсыну	Тіркелген күні
1.	Григорьян Анжела Людвовична	1968	Әкім, «Есенгелді ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, Есенгелді ауылында тұрады	«AMANAT» партиясы	05.02.2026 жыл
2.	Серикбаев Казбек Каирбекович	1975	Әлеуметтік мәселелер, жастар ісі және спорт жөніндегі бас маман, «Қарабас кенті әкімінің аппараты» ММ, Абай қаласында тұрады	Өзін-өзі ұсынған	06.02.2026 жыл
3.	Такенова Ольга Николаевна	1993	Коммуналдық және жер мәселелері жөніндегі бас маман, «Топар кенті әкімінің аппараты» ММ, Топар кентінде тұрады	Өзін-өзі ұсынған	06.02.2026 жыл

Абай аудандық сайлау комиссиясы

## СООБЩЕНИЕ

### о регистрации кандидатов в акимы Есенгельдинского сельского округа Абайского района Карагандинской области (выборы 1 марта 2026 года)

№ п/п	Фамилия, имя, отчество	Год рождения	Занимаемая должность, место работы и жительства	Кем выдвинут или в порядке самовыдвижения	Дата регистрации
1.	Григорьян Анжела Людвовична	1968	Аким, ГУ «Аппарат акима Есенгельдинского сельского округа», проживает в селе Есенгельды	Партия «AMANAT»	05.02.2026 год
2.	Серикбаев Казбек Каирбекович	1975	Главный специалист по социальным вопросам, по делам молодежи и спорта, ГУ «Аппарат акима поселка Карабас», проживает в городе Абай	Самовыдвижение	06.02.2026 год
3.	Такенова Ольга Николаевна	1993	Главный специалист по коммунальным и земельным вопросам, ГУ «Аппарат акима поселка Топар», проживает в поселке Топар	Самовыдвижение	06.02.2026 год

Абайская районная избирательная комиссия

## ИНФРАСТРУКТУРА

# В посёлке Топар продолжается масштабная реконструкция системы электроснабжения

В посёлке Топар ведётся последовательная работа по обновлению и модернизации системы электроснабжения, направленная на повышение надёжности инженерной инфраструктуры и улучшение качества жизни населения. Одним из значимых этапов данного процесса стало подключение 2 февраля 2026 года трансформаторной подстанции мощностью 400 кВт, установленной в рамках проекта реконструкции линий электропередачи аулов №1, №2 и №3.

Проект реализуется с учётом многолетних проблем, связанных с высоким уровнем износа электрических сетей, частыми аварийными отключениями и нестабильным напряжением. Эти факторы на протяжении длительного времени создавали серьёзные неудобства для жителей, особенно в периоды повышенной нагрузки на сети в осенне-зимний сезон.

По словам акима посёлка Топар Маргулана Мухитұлы, до полного завершения всех строительно-монтажных и реконструкционных работ было принято техническое решение временно подключить существующие (старые) линии электропередачи к новой трансформаторной подстанции.

– Данная мера является необходимой и обоснованной. Она позволяет уже на текущем этапе снизить технические потери электроэнергии, стабилизировать работу сетей и обеспечить более качественное напряжение у конечных потребителей, – отметил аким посёлка.

Подключение новой трансформаторной подстанции стало важным промежуточным результатом проекта. В ходе пусконаладочных работ специалистами энергетических служб были проведены контрольные замеры напряжения непосредственно у потребителей. По итогам измерений установлено, что все основные параметры электроснабжения соответствуют действующим нормативным требованиям, что свидетельствует об эффективности принятого технического решения.

Следует подчеркнуть, что проблемы аварий-

ности линий электропередачи и пониженного уровня напряжения на протяжении многих лет оставались одними из наиболее острых для жителей Топара. Нестабильное электроснабжение оказывало влияние не только на бытовые условия населения, но и на работу социальных объектов, малого бизнеса и коммунальной инфраструктуры.

В рамках проекта реконструкции предусмотрена поэтапная замена устаревших линий электропередачи, установка современного оборудования и внедрение технических решений, направленных на повышение надёжности и энергоэффективности системы в целом. В настоящее время работы продолжаются в плановом режиме.

По завершении всех этапов проекта ожидается значительное снижение количества аварийных отключений, улучшение качества подаваемого напряжения и повышение общей устойчивости электросетевого хозяйства посёлка.

О дальнейших этапах реализации проекта, сроках завершения работ и вводе в эксплуатацию новых участков электрических сетей будет сообщено дополнительно. Реализация данного проекта является частью комплексной работы по развитию инженерной инфраструктуры района и созданию комфортных условий для проживания населения.

Баршын ЕРТІСКЫЗЫ

## АШЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК

# Абай ауданында мемлекеттік қызмет көрсету сапасы артып келеді

Абай ауданында мемлекеттік қызметтерді көрсету жергілікті атқарушы органдар және оларға ведомстволық бағынысты ұйымдар арқылы жүзеге асырылады. Атап айтқанда, аудан аумағында мемлекеттік қызметтерді Абай ауданының, Абай қаласының, Топар, Южный, Карабас кенттерінің, сондай-ақ ауылдық округтер мен салалық бөлімдердің әкімдіктері көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қатысатын негізгі органдар қатарында Абай ауданы әкімінің аппараты, қала және кент әкімдіктері, ауылдық округ әкімдіктері, сондай-ақ ауыл шаруашылығы, экономика және қаржы, жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы, дене шынықтыру және спорт, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары, тұрғын үй инспекциясы бөлімдері бар.

2025 жылдың қорытындысы бойынша Абай ауданында барлығы 5 848 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Оның ішінде электрондық форматта – 4 969 қызмет (80,0%), «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы – 753 қызмет, қағаз жүзінде көрсетілген, алайда электрондық үкімет порталы немесе Мемлекеттік корпорация арқылы алуға болатын қызметтер – 126, тек қағаз түрінде көрсетілген қызметтер – тіркелмеген.

Электрондық форматтағы қызметтердің үлесінің артуы – көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі мен ашықтығын арттыруға бағытталған жүйелі жұмыстың нәтижесі.

Бекітілген 2025 жылға арналған бақылау іс-шаралары жоспарына сәйкес 7 бақылау іс-шарасы өткізілді. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қатысты шағымдар тіркелмеген.

Халық арасында мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру және egov.kz электрондық үкімет порталының мүмкіндіктерін кеңінен насихаттау мақсатында түрлі ақпараттық-түсіндіру іс-шаралары ұйымдастырылды. Жыл ішінде 281 іс-шара өткізіліп, 12 765 адам қамтылды. Сонымен қатар тұрғындарға 3 123-тен астам ақпараттық буклет таратылды.

Өзін-өзі қызмет көрсету бұрыштарында мемлекеттік қызметтерді электронды түрде алу, 1414 call-орталығының жұмысы, egov.kz порталының мүмкіндіктері және қызмет алушылардың құқықтары туралы бейнероликтерді көрсету тұрақты түрде жүргізілуде.

Абай ауданы әкімдігінің ресми интернет-ресурстарында және ЕПІР ГО жүйесінде мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидалары, көрсетілетін қызметтердің тізбесі, қажетті құжаттар, өтініш үлгілері және өзге де маңызды ақпараттар толық орналастырылған.

Мемлекеттік органдардың бірінші басшылары тарапынан мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнаманы сақтау бойынша

Завершающим стало выступление директора Централизованной библиотечной системы, педагога-эксперта, председателя районного Совета матерей АНК Перизат Азатовны Абилинной. Она отметила, что новая редакция Конституции делает особый акцент на развитии образования, науки, культуры и человеческого капитала как ключевых факторов устойчивого развития страны.

В документе впервые на конституционном уровне закрепляется ответственность граждан за сохранение природы, поддержка творчества и инноваций, а также роль традиционных духовных ценностей в формировании гражданской идентичности и воспитании подрастающего поколения.

### Итоги и дальнейшие шаги

Подводя итоги заседания, было отмечено, что страна вступает в новый этап общественно-политического развития. Новая Конституция усиливает роль регионов, гражданского общества и каждого гражданина в управлении государством.

В районе сформирована информационно-разъяснительная группа, в состав которой вошли депутаты, представители государственных органов, Общественного совета, Ассамблеи народа Казахстана и НПО. Утверждён план мероприятий по разъяснению положений проекта Конституции среди населения, трудовых коллективов, молодежи и сельских жителей.

Расширенное заседание актива в городе Абай стало наглядным примером открытого диалога власти и общества, подтверждением того, что конституционные реформы проводятся с учётом мнения граждан и в интересах будущего страны.

СПОРТ

# Хоккей ардагерлеріне арналған тағзым

Абай қаласындағы «Жігер» қалалық стадионында шайбалы хоккейден дәстүрлі турнир өтті. Аталған спорттық шара Абай ауданы хоккейінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан ардагер жаттықтырушылар мен спорт жанашырлары – Клят Федор Федорович, Тарасов Анатолий Николаевич және Закиров Мирзалиф Таиповичтің құрметіне арналды.

Бұл турнир Абай қаласында алтыншы рет ұйымдастырылып отыр. Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін жарыс ауданның спорттық өміріндегі маңызды оқиғалардың біріне айналып, хоккей спортының дамуына серпін беріп келеді. Турнирдің басты мақсаты – өңірде хоккейдің қалыптасуы мен дамуына еңбек сіңірген азаматтардың есімін ұлықтау, жас спортшыларды патриоттық рухта тәрбиелеу және салауатты өмір салтын насихаттау.

Жарысқа Абай ауданы мен Шахтинск қаласының командалары қатысып, мұз айдынында тартысты ойын өрнегін көрсетті. Кездесулер жоғары деңгейде өтіп, спортшылар өздерінің шеберлігін, төзімділігін және жеңіске деген жігерін паш етті. Көгермендер де командаларды белсенді қолдап, стадионда нағыз спорттық мереке атмосферасын қалыптастырды.

Турнир барысында ардагер



жаттықтырушылардың аудан спортына қосқан еңбегі ерекше атап өтілді. Олардың қажырлы еңбегі мен табандылығының арқасында Абай ауданында хоккей спорты дамып, көптеген жас спортшылар тәрбиеленіп шықты. Бұл азаматтар өз өмірін спортқа арнап, жас ұрпаққа үлгі боларлық жол қалдырды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай жарыстар спортты дамытумен қатар, ұрпақтар

сабақтастығын нығайтып, еңбек адамдарына деген құрметті арттырады. Сонымен бірге жастарды тәртіпке, жауапкершілікке және командалық рухқа баулиды.

Шараның жоғары деңгейде өтуіне қолдау көрсеткен демеуші – «Деметра 2005» ЖШС директоры Сергей Ивановичке ерекше алғыс білдірілді. Оның демеушілігінің арқасында турнир талапқа сай ұйымдастырылып, қатысушылар

мен жанкүйерлер үшін мазмұнды әрі есте қаларлық спорт мерекесіне айналды.

Абай қаласында өткен шайбалы хоккей турнирі ауданның спорттық дәстүрлері жалғасын тауып келе жатқанын және спорт ардагерлерінің еңбегі әрдайым құрметке ие екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Баршың ЕРТИСҚЫЗЫ

СПОРТ

# Турнир памяти наставников хоккея

31 января 2026 года на городском стадионе «Жигер» в городе Абай состоялся традиционный турнир по хоккею с шайбой, посвященный тренерам-ветеранам и энтузиастам развития этого вида спорта в Абайском районе - Кляту Федору Федоровичу, Тарасову Анатолию Николаевичу и Закирову Мирзалифу Таиповичу.

Данный турнир проводится уже в шестой раз и за годы своего существования стал значимым спортивным событием, объединяющим поколения спортсменов, тренеров и любителей хоккея. Он символизирует уважение и признательность людям, которые стояли у истоков хоккея в районе, вкладывали свои знания, силы и душу в воспитание молодых спортсменов, формирование командного духа и популяризацию здорового образа жизни.

На лед стадиона «Жигер» в этот день вышли команды Абайского района и города Шахтинска. Соревнования прошли в напряжённой, но дружеской атмосфере. Игроки продемонстрировали высокий уровень мастерства, волю к победе и уважение к соперникам. Болельщики активно поддерживали команды, создавая на трибунах настоящий спортивный праздник.

Особое внимание в ходе турнира было уделено памяти выдающихся тренеров. Их вклад в развитие хоккея трудно переоценить: именно благодаря таким наставникам в районе сформировались хоккейные традиции, были воспитаны десятки спортсменов, для которых спорт стал неотъемлемой частью жизни. Их имена навсегда вписаны в историю районного хоккея и продолжают служить примером для молодого поколения.

Организаторы турнира отметили, что подоб-

ные мероприятия не только способствуют развитию спорта, но и укрепляют связь поколений, воспитывают чувство патриотизма, уважения к труду наставников и любви к родному краю.

Отдельные слова благодарности были выражены спонсору турнира – директору ТОО «Деметра 2005» Сергею Ивановичу, оказавшему значимую поддержку в проведении соревнований. Благодаря его содействию турнир прошёл на достойном организационном уровне и стал настоящим праздником спорта для всех участников и зрителей.

Турнир по хоккею с шайбой в городе Абай вновь подтвердил, что спортивные традиции района живы и продолжают развиваться, а память о людях, посвятивших свою жизнь спорту, бережно хранится и передаётся из поколения в поколение.

Баршың ЕРТИСҚЫЗЫ

АЛАЯҚТЫҚ

# Бұл – гипноз емес

Қазақстандықтардың алаяқтармен сөйлесу барысында не себепті өзін-өзі бақылаудан айрылып қалатынын Алматы қалалық Полиция департаментінің киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасы бастығының орынбасары Еркебулан Қойшибаев Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте түсіндірді.

Кейбір жәбірленушілер алаяқтар өздеріне гипноз немесе өзге де психологиялық ықпал ету әдістерін қолданды деп есептейді. Алайда Еркебулан Қойшибаев мұндай гипноздық тәсілдердің қолданылуы екіталай екенін атап өтті.

«Біз алаяқтарды шағын кеңселерде ұстадық. Онда 20–40 адамға дейін болған. Олардың қолында арнайы скрипттер бар, яғни адаммен қалай сөйлесу керек, қандай сұрақ қою қажет және белгілі бір сұрақ қойылған жағдайда қандай әрекет жасау керектігі нақты жазылған. Әр кеңседе штаттық психолог болады. Ол адамның типін, жәбірленушінің қалай сөйлесетінін анықтайды. Олар әңгіменің алғашқы минуттарынан-ақ қай тұсқа қысым жасау керектігін, нені сұрау қажет екенін біледі. Бұл – гипноз емес, таза психологиялық айла. Бұл – қысым көрсету және үнемі

уақыттың аз екенін, ақшаның қауіпте тұрғанын кайталау», – деп түсіндірді Еркебулан Қойшибаев.

«Бізде полицияға кеш жүгіну жағдайлары өте көп. Адамдар өздерінің алданғанын кеш түсінеді де, апталап күтіп жүреді. Алаяқтар жәбірленушілерге қысым көрсетіп, бұл «арнайы операция» екенін, ал егер басқа біреуге айтса, қылмыстық жауапкершілікке тартылатынын айтады. Сол себепті адамдар апталап, тіпті айлап үндемей жүреді. Мұндай жағдайда бізге қылмыстың техникалық іздерін анықтау өте қиынға соғады», – деді ол.

Меруерт БАЛКЕЕВА

МОШЕННИЧЕСТВО

# Это не гипноз

Почему казахстанцы теряют контроль над собой во время разговора с мошенниками, объяснил заместитель начальника управления по противодействию киберпреступности ДП Алматы Еркебулан Қойшибаев на брифинге в РСК.

Некоторые пострадавшие полагают, что мошенники якобы применяли к ним гипноз или другие методы психологического воздействия. Однако Еркебулан Қойшибаев считает использование каких-либо гипнотических приёмов маловероятным.

«Мы задерживали людей в небольших офисах – по 20–40 человек. У них на руках имеются так называемые скрипты: как разговаривать с человеком, какие вопросы задавать и какие меры принимать, если он задаст определённые вопросы. В каждом офисе есть штатный психолог, который определяет тип человека и анализирует, как жертва ведёт разговор. Они с первых минут понимают, на

что давить и что спрашивать. И это не гипноз, а психологический трюк. Это давление и постоянное напоминание о том, что времени мало и деньги находятся в опасности», – объяснил Қойшибаев.

Он отметил, что время обращения в полицию играет ключевую роль. Чем раньше жертва сообщает о преступлении, тем выше шансы на возврат денежных средств.

«У нас очень много случаев позднего обращения. Люди поздно осознают, что их обманули, и ждут неделями. На жертв оказывают давление, им говорят о якобы проводимой спецоперации и грозят уголовной ответственностью в случае, если они сообщат кому-либо. Поэтому люди молчат неделями и месяцами. В таких ситуациях нам крайне сложно установить технические следы подобных преступлений», – рассказал Еркебулан Қойшибаев.

Меруерт БАЛКЕЕВА

## Хабарландыру

«Топар бас тарату энергостанциясы» ЖШС «Топар бас тарату энергостанциясы» ЖШС күл үйіндісінің 1-2 секцияларын рекультивациялау жобасын түзету» жобасы бойынша қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсат алуға өтінім беру материалдары бойынша ашық жиналыстар түріндегі қоғамдық тыңдаулар өткізетіні туралы хабарлайды (Рұқсат етілген шығарындылар нормативтері (РЕШН), Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы (ӨЭББ), Қалдықтарды басқару бағдарламасы (КББ), Қоршаған ортаны қорғау іс-шаралар жоспары (ҚОҚШЖ)).

Әсер ету аумағы: Қарағанды облысы, Абай ауданы, Топар к. Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 49°31'08.00"N, 72°49'47.00"E. Учаскенің географиялық координаттары: 1) 49°32'06.00"N, 72°45'47.59"E; 2) 49°31'43.22"N, 72°46'01.95"E; 3) 49°31'27.30"N, 72°46'35.08"E; 4) 49°31'18.21"N, 72°46'32.73"E; 5) 49°31'17.36"N, 72°45'44.40"E; 6) 49°31'32.01"N, 72°45'38.20"E; 7) 49°31'44.06"N, 72°45'24.23"E; 8) 49°31'45.79"N, 72°45'11.83"E; 9) 49°31'52.14"N, 72°45'10.45"E.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 17 наурызда сағат 11:00-де мекенжайы бойынша өтеді: Қарағанды облысы, Абай ауданы, Топар к., Қазыбек би көш., 5 («Энергетик» мәдениет үйі).

Zoom платформасындағы тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылымға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/7741895198?pwd=jybFn8dQ9wJe9EwaCjeKR8bA8uavI9.1> Конференция идентификаторы: 777 4189 5198. Кіру коды: 123456.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Топар бас тарату энергостанциясы» ЖШС, ҚР, Қарағанды облысы, Абай ауданы, Топар к., 060 есептік орамы, 29 кұр. БСН: 171240012511. Директоры: Капизов Т.Е. Байланыстар: тел. 8 (7215) 33-25-98, e-mail: gres.kazakhmys@kazakhmys.kz.

Әзерлеуші: «Сарыарқа экология» ЖШС, ҚР, Қарағанды облысы, Қарағанды к., Қазыбек би атындағы ауданы, Әлиханов көш., 14Б. БСН: 150640024474. Өкілі: Матвеева О.В. Байланыстар: тел. 8 (778) 516-00-85, e-mail: olga\_m\_2008@inbox.ru.

Қоғамдық тыңдаулардың материалдарымен «НБД СОС и ПР» (<https://hearings.ndbecology.gov.kz>) сайттарда «Жарияланған ашық тыңдаулар» бөлімінде және <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

Жобалық материалдар бойынша қосымша ақпаратты 8 (778) 516-00-85 телефондары арқылы сұрауға болады, e-mail: olga\_m\_2008@inbox.ru.

Ескертулер мен ұсыныстарды «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу Басқармасы» ММ келесі мекенжайлар бойынша қабылдайды: expertiza.upr\_krg@mail.ru және Қарағанды к., Лобода к., 20. Байланыстар: 8 (7212) 56-81-66.

## Объявление

ТОО «Главная распределительная энергостанция Топар» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытых собраний по материалам к заявке на получение экологического разрешения на воздействие по проекту «Корректировка проекта рекультивации секций 1-2 золоотвала ТОО «Главная распределительная энергостанция Топар»» (Нормативы допустимых выбросов (НДВ), Программа производственного экологического контроля (ППЭК), Программа управления отходами (ПУО), План природоохранных мероприятий (ППМ)).

Территория воздействия: Карагандинская область, Абайский район, п. Топар. Географические координаты территории воздействия: 49°31'08.00"N, 72°49'47.00"E. Географические координаты участка: 1) 49°32'06.00"N, 72°45'47.59"E; 2) 49°31'43.22"N, 72°46'01.95"E; 3) 49°31'27.30"N, 72°46'35.08"E; 4) 49°31'18.21"N, 72°46'32.73"E; 5) 49°31'17.36"N, 72°45'44.40"E; 6) 49°31'32.01"N, 72°45'38.20"E; 7) 49°31'44.06"N, 72°45'24.23"E; 8) 49°31'45.79"N, 72°45'11.83"E; 9) 49°31'52.14"N, 72°45'10.45"E.

Общественные слушания состоятся: 17 марта 2026 года в 11:00, по адресу: Карагандинская область, Абайский район, п. Топар, ул. Казыбек би, 5 (дом культуры «Энергетик»).

Ссылка на онлайн подключение для участия в слушаниях на платформе Zoom: <https://us04web.zoom.us/j/77741895198?pwd=jybFn8dQ9wJe9EwaCjeKR8bA8uavI9.1> Идентификатор конференции: 777 4189 5198 Код доступа: 123456

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Главная распределительная энергостанция Топар», РК, Карагандинская область, Абайский район, п. Топар, учетный квартал 060, стр. 29. БИН: 171240012511. Директор: Капизов Т.Е. Контакты: тел. 8 (7215) 33-25-98, e-mail: gres.kazakhmys@kazakhmys.kz.

Разработчик: ТОО «Сарыарқа экология», РК, г. Караганда, район им. Казыбек би, ул. Алиханова, 14Б. БИН: 150640024474. Представитель: Матвеева О.В. Контакты: тел. 8 (778) 516-00-85, e-mail: olga\_m\_2008@inbox.ru.


С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте <https://hearings.ndbecology.gov.kz> в разделе «Опубликованные слушания» и <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru> в разделе «Общественные слушания».

Дополнительную информацию по проектным материалам можно запросить по тел. 8 (778) 516-00-85, e-mail: olga\_m\_2008@inbox.ru.

Замечания и предложения принимает ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» по адресам: expertiza.upr\_krg@mail.ru и г. Караганда, ул. Лободы, 20. Контакты: 8 (7212) 56-81-66.

«БІР ЕЛ – БІР КІТАП»

# Жыл кітабы – «Тағдыр» романы



Ұлттық академиялық кітапханада дәстүрлі «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясының қорытындысы өтті. Отырыс аясында 2026 жылы оқитын кітап ретінде көрнекті қаламгер Қабдеш Жұмаділовтің «Тағдыр» романы таңдалды.

Акция отырысында Сенат депутаты Нұрғәлі Жүсіп: «Бұл таңдау – тарихи жадыны жаңғыртып, ұлттық рухты тереңдетуге бағытталған ортақ шешім» деп белгілеп кетті.

Қабдеш Жұмаділовтің «Тағдыр» романы қазақ халқы басынан кешірген ауыр бір кезең – екі империяның алаштың ата қонысы болған сайын даланы екіге бөліп, шекара

сызығын жүргізген кезеңін арқау еткен. Романда алуан мінезді, алуан тағдырлы кейіпкерлер сомдалып, болмысы ашылады. Роман оқиғасы төрт бөлімге топтастырылған.

Құрметті абайлықтар!  
2026 жылы қазақ елі осы туындыны бірге оқитын болады.

Абай қаласының Орталық кітапханасы сіздерді осы акцияға атсалысуға шақырады. Білім мен даналықты бағалайтын болсаңыздар, кітап оқып мәдениеттің жоғары үлгісін көрсетуге асығыңыздар!

**Шынар СУЛТАНБЕКОВА,**  
Орталық кітапхананың  
библиографы

## ФИНАНСЫ

# Экономика ощущает рост цен

Инфляция в 2025 году в Казахстане составила 12,3 %. Доходность накопленный ЕНПФ оказалась ниже. Среди всех управляющих темпы роста цен смогу обогнать только один управляющий.

Деньги, которые хранятся в Едином накопительном пенсионном фонде (ЕНПФ), постоянно инвестируются в различные финансовые инструменты. Таким образом, накопления казахстанцев приумножаются и защищаются от инфляции. Занимаются этим на текущий момент Национальный банк РК и пять частных управляющих инвестиционным портфелем (УИП).

В 2025 году они показали положительную доходность, однако не все обогнали инфляцию, которая к концу 2025 года составила 12,3 %.

Главным управляющим пенсионными активами является Национальный банк РК. Согласно данным ЕНПФ, на 1 января 2026 года у него в распоряжении было более 25,1 трлн тенге, которые сформированы за счёт обязательных, обязательных профессиональных и добровольных пенсионных взносов. За весь 2025 год он заработал для вкладчиков фонда порядка 1,77 трлн тенге. Таким образом, доходность за год составила 7,43 %, что ниже общей инфляции в стране.

Также Нацбанк инвестирует накопления, которые формируются за счёт нового обязательного пенсионного взноса работодателя. Эти деньги хранятся на условных счетах и инвестируются отдельно. Сейчас на счетах накоплено 755,58 млрд тенге. За 2025 год Нацбанк заработал на инвестициях 45,35 млрд тенге и показал доходность 5,11 %.

Помимо Нацбанка, к пенсионным активам имеют доступ частные управляющие инвестиционным портфелем. К 1 января сумма, которая находится у них в распоряжении, составила по-

рядка 93,5 млрд тенге. В 2025 году УИП показали следующие результаты:

- Alatau City Invest – под управлением компании 14,9 млрд тенге. За год она заработала 1,5 млрд тенге и показала доходность в 11,22 %;
- Halyk Finance – управляет суммой на 50,4 млрд тенге. В 2025 году управляющий заработал 714,79 млн тенге и показала доходность 8,32 %;
- Сентрас Секьюритиз – управляет активами на 4,4 млрд тенге. За год компания заработала 391 млн тенге и показала самую высокую доходность, которая обогнала инфляцию в 2025 году, – 14,66 %;
- Halyk Global Markets – управляющий 8,1 млрд тенге. За весь год он заработал 615,8 млн тенге и достиг доходности в 9,45 %;
- BCC Invest – управляет суммой на 10,7 млрд тенге. В 2025 году компания заработала 714,79 млн тенге и показала доходность в 9,93 %.

Таким образом, все управляющие показали положительную динамику, однако лишь одна компания смогла обогнать инфляцию и принести реальный доход своим клиентам в 2025 году.

Отметим, что в начале 2025 года управляющие демонстрировали убытки, но впоследствии смогли выйти из «минуса». Впрочем, важно помнить, что даже если управляющие показывают убытки, это радикально не повлияет на благосостояние граждан. Дело в том, что пенсионные накопления казахстанцев защищаются государством. Такая гарантия существует не только для накопленных под управлением Национального банка, но и для тех, что находятся в частных компаниях. Правда, там ответственность за сохранность средств ложится на самих управляющих.

Соб.корр.

## ЖАҚЫП АҚБАЙҰЛЫ – 150 ЖЫЛ



# Елдік жолындағы ерен тұлға

Сеңкібай батыр сауыты атақты Жақып Ақбайұлының қолынан өтіп бүгінге жетті деген сөз бар. Қазақ тарихында би ата аталған Сеңкібай батыр қандай кастерлі болса, Жақып Ақбайұлының есімі де сондай ардақты болса керек. Біртуар, кесек тұлға Алашорда үкіметін құрушылардың бірі ғана емес, бірегейі әрі қазақ мемлекеттігі жолында қажырлы іс атқарып, құрбан болған арыстардың атаулысы. 1876 жылы Қарқаралы уезінің Берікқара болысында (бүгінгі Ақтоғай ауданы) дүниеге келген Алаш арысының туғанына биыл 150 жыл толып отыр. Бұл мемлекеттік деңгейде аталып өтілуі тиіс мерейтойлар қатарында екенін еске салғмыз келеді.

Екінші бірі өзін алаштанушы танытып жүрген бүгінде жақыптанушы бар ма, білмедік. Еңбектері, қалдырған мұрасы, атқарған ісі республика аумағын былай қойғанда, осы Ақтоғай ауданы, Қарағанды облысы көлемінде насихатталып, дәріптеле ме деген сұрақ туады. Иә, біз Жақып Ақбайұлының атын білеміз, Алаш арысы екенін шырамытамыз. Әлихан Бөкейхандар бастаған қайраткерлер қатарындағы тұлғалар ретінде шығар деп шамалаймыз. Одан артық танытынымыз шамалы. Демек, жақыптану жолға қойылған жоқ деген сөз. Ол кім еді, қандай бағытты ұстанды, нендей істер атқарды, қазаққа қызмет ету жолы нені түсіндіреді, саяси көзқарасы, таным-түсінігі қай бағытты мензейді? Осылардың бәрине егжей-тегжейлі жауап бар ма?

Жақып Ақбайұлы сауатын Қарқаралыдағы қазақ интернатында ашып, кейін Омбы гимназиясына түседі. Гимназияда оқу сол дәуірдегі қазақ жастары үшін сирек мүмкіндік еді. Білімін жетілдіріп, 1898 жылы ол Ресей империясындағы ең беделді оқу орындарының бірі – Санкт-Петербург университетінің заң факультетінің студенті атанды.

Жақыптың тарихи тұлға ретінде қалыптасуының оның туған ортасынан немесе кейінгі саяси күресінен ғана іздеу жеткіліксіз. Империя астанасындағы университет қабырғасында Жақып тек кәсіби білім алып қана қоймай, саяси дүниетанымын қалыптастырды. Оқу ордасында азаматтық және қылмыстық құқық, философия, экономика терең меңгерді. Сонымен қатар Археология институтында да қосымша дәрістер тыңдап, тарих ғылымына да бойлады. Бұл оның ой өрісінің кеңдігін, бір саламен шектелмегенін аңғартады.

Ең қызығы, Жақып Ақбайұлы студент кезінің өзінде-ақ әлеуметтік әділет мәселесіне бейжай қарамаған. Патша өкіметінің салық саясатын сынап, баспасөз бетінде мақала жариялайды. Саяси санасы әлдеқашан қалыптасқан ол заңды билікке қызмет етудің құралы емес, әділетсіздікті әшкерелеудің тетігі ретінде қабылдады.

1903 жылы Санкт-Петербург университетін бірінші дәрежелі дипломмен тәмамдаған жас Омбы сот палатасында,

кейін Семей, Тобыл, Сырдария өңірлерінде қызмет етті. Жер дауы, алым-салық, болыстар мен атқамінерлердің озбырлығы – сол кезеңдегі қараша халықтың жанайқайына айналды деуге болады.

Оның қызмет жолында қудалау тым ерте басталды. Бірнеше рет қызметінен қуылып, қамауға алынды, жер аударылды. Саналы ғұмырында бұғауда жатқан халық босатамын деп патша үкіметі кезінде де, Совет дәуірі кезеңінде де теперіш көрген дегдар тұлға ешқашан мұқалған жоқ.

Осыдан 120 жыл бұрын, 1905 жылғы саяси толқулар тұсында Жақып Ақбайұлының қоғамдық қызметі жаңа деңгейге көтерілді. Дәл осы кезеңде елдіктің іргесі қаланған «Қарқаралы» петициясын әзірлеуші қазақ зиялыларының көш басында болды. Бұл құжат – қазақ халқының отарлық езгіге қарсы заңды, саяси жолмен қойған алғашқы талаптарының бірі еді. Петицияда жер мәселесі, діни еркіндік, білім беру, сөз бостандығы, қазақ өкілдерінің Мемлекеттік Думаға қатысуы секілді түйінді мәселелер көтерілді. Құжаттың құқықтық тұрғыдан сауатты, дәлелді тілмен жазылуы да кәсіби заңгер Жақыптың ықпалында.

Әлбетте, бұл бағытта Жақып Ақбайұлы Әлихан Бөкейхан бастаған қазақ зиялыларымен бірлесіп әрекет етті. Басын бәйгеге тіккен олардың бұл батыл қадамының салдары да ауыр болды. Петициядан кейін Жақыпты патша өкіметінің ерекше бақылауына алып, көп ұзамай қызметінен қуады. 1906 жылы тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылды, кейін жер аударылды. Дегенмен бұл қуғын-сүргін Жақып Ақбайұлының жігерін жасыта алған жоқ.

Жақып Ақбайұлы жөнінде белгілі алаштанушы, заңгер-ғалым, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті басқарма төрағасы – ректоры Нұрлан Дулатбеков архивтік деректер мен естеліктерге сүйене отырып, оның тұлғасын тек саяси қайраткер ретінде ғана емес, әлеуметтік-гуманистік болмысы терең азамат ретінде бағалайды. Ғалымның пайымдауынша, Жақып үшін ұлтқа қызмет ету ұранмен емес, нақты іс пен адамға деген жанашырлық арқылы өлшенген.

«Сондай адамгершіліктің ерен үлгісінің бірі – ауылға келген сапарларының бірінде болған оқиға. Жақып аға Ресейден, Омбы шаһарынан оралып келе жатып, түрлі дәрі-дәрмектер сатып алады да, ауылға жеткен соң бір топ кара сирақ қазақ балаларын жинап алып, зайыбына олардың аяғын жуғызады екен. Содан соң әлгі дәрі-дәрмектермен ем-дом жасатады.

Осы көрініске қыр басында ерекше пейілмен қызықтай қарап жатып, өзі: «Кікібайдың балалары, маған разы шығарсындар, Бекметовтің қызына аяқтарыңды жуғыздым, одан артық сендерге не керек?» – деп әзілдейді екен.

Ал Жақып ағаның өмірлік серігі Гүлбархам Бекметова – Қарқаралы өңіріне белгілі, ауқатты көпес Халиолла Хамитұлы Бекметовтің қызы, текті әулеттен шыққан, қала мәдениетін көрген, еуропаша тәрбие алған жан болатын. Соған қарамастан, оның қарапайым қазақ балаларына осылайша жанашырлық танытуы – сол заманның әлеуметтік шындығын ескерсек, ерен адамгершіліктің айқын көрінісі еді.

Ілгеріде сөз еткеніміздей, ол бірнеше мәрте абақтыға қамалып, айдауға жіберілді. Ату жазасына да кесілді. Бірақ осының ешқайсысы оның азаматтық ұстанымын шайқалта алған жоқ. Совет үкіметі тұсында да сот, білім, өкімшілік салаларында қызмет атқарып, ел ішіндегі тәртіп пен әділеттілікті орнықтыруға күш салды. Алайда денсаулығы сыр беріп, ұзақ жылғы көрген теперіш өз ізін қалдырды.

1934 жылы Алматы қаласында дүниеден өткен Жақып Ақбаев – мансаппен марапатталған тұлға емес, тағдырымен күрескен қайраткер болып тарихта қалды.

Жақып Ақбайұлының өмір жолы бүгінгі тәуелсіз Қазақстан үшін де айрықша маңызға ие. Өйткені қазіргі құқықтық мемлекет идеясының түп-тамыры дәл осындай Алаш арыстарының онегілі өмірі мен тағлымды жолында жатыр.

Бүгін біз Жақып Ақбайұлына қарап, өткеннің ғана емес, болашақтың да бағытын көреміз. Заңға адалдық пен адамға жанашырлық қатар тұрған жерде ғана елдік мұрат баянды болмақ.

Ерлік ТӘУЕКЕЛ

Директор – Құрманғазы ӨТЕБАЙ,  
Редактор – Гүлбаршын ЖҰМАХАНОВА

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 22.11.2006, 8023-Г  
Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің  
Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде  
2025 жылдың 9 қаңтарында № KZ88VPY00109510 қайта есепке қою куәлігімен  
тіркелген.

Меншік иесі: «Аудандық  
«Абай-Ақиқат» газетінің редакциясы» ЖШС  
Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын  
білдірмейді.

Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама  
беруші жауап береді.

Опубликованные материалы не всегда отражают точку зрения редакции.  
Ответственность за содержание рекламного текста несут сами  
рекламодатели.

Газетте жарияланған материалды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

При использовании материалов в СМИ ссылка на «Абай-Ақиқат»  
обязательна.

Хат жазып, хабарласыңыз.  
Мекен-жайымыз:  
Қарағанды облысы, Абай қаласы,  
3 ықшам аудан, №43 үй.  
Телефон (Whatsapp),  
8-(775)-5483523,  
эл. пошта:  
barshin-js@mail.ru

Пишите, звоните.  
Наш адрес:  
Қарагандинская область, город Абай,  
3 мкрн, д. 43.  
Телефон (Whatsapp),  
8-(775)-5483523  
эл. почта:  
barshin-js@mail.ru

Газет редакцияда төріліп, беттеліп,  
«Арқо» ЖШС баспаханасында басылды:  
Қарағанды қаласы, Сәтбаев көшесі 15. Аптасына 1 рет  
шығады  
Таралымы 2000 дана.  
Тапсырыс 1.  
Көлемі 2 баспа табақ